Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы арасындағы Ауыл шаруашылығы саясатын талдау мен сауда мәселелері саласындағы әлеуетті арттыруға бағытталған техникалық көмек туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 55 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы арасындағы Ауыл шаруашылығы саясатын талдау мен сауда мәселелері саласындағы әлеуетті арттыруға бағытталған техникалық көмек туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Смағұлұлы Есімовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы арасындағы Ауыл шаруашылығы саясатын талдау мен сауда мәселелері саласындағы әлеуетті арттыруға бағытталған техникалық көмек туралы келісім

Бірлесіп Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Үкімет) мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (бұдан әрі - ФАО), ФАО-ның ауыл шаруашылығы саясатын талдау мен сауда мәселелері саласындағы әлеуетті арттыру үшін Қазақстанға техникалық көмекті (бұдан әрі - Техникалық көмек) ұсынуы мақсатында мына төмендегілер туралы келісті:

I БАП
Техникалық көмекті ұсыну

ФАО 286625 (екі жүз сексен алты мың алты жүз жиырма бес) АҚШ доллары сомасында Үкіметке Техникалық көмек ұсынады.

Техникалық көмек осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшаның ережелеріне сәйкес ұсынылады.

II БАП
Уәкілетті орган

Үкімет осы арқылы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігін ФАО-мен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті орган және осы Келісіммен Үкіметке жүктелген міндеттемелерді орындауға тікелей жауапты етіп тағайындайды.

III БАП
Техникалық көмектің сомасын пайдалану

Ұсынылған Техникалық көмек Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі және басқа мемлекеттік аграрлық сектор ұйымдары қызметкерлерінің ауыл шаруашылығы бағдарламаларын, орнықты ауыл шаруашылық даму жөніндегі стратегиялар мен жобаларды әзірлеу, талдау және бағалау, өзгермелі экономикалық шарттар жағдайындағы табысты қызмет үшін мүмкіндіктер жасау саласындағы біліктіліктерін көтеру үшін ғана пайдаланылатын болады.

Техникалық көмекті іске асыру мерзімдері:

Басталуы - 2004 жылғы қаңтар.

Аяқталуы - 2005 жылғы ақпан.

IV БАП
Хабарлама

Осы Келісім Тараптардың өздері қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

Бір Тараптың екінші Тарапқа жасаған кез келген жазбаша хабарламасы, егер ол почта немесе телекс арқылы мынадай мекен-жайлардың біріне жіберілген болса, тиісті түрде ұсынылды деп саналады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін:

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі,
473000 Астана қаласы, Абай даңғылы, 49
Телефон: (3172) 323962

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы үшін:

Италия Республикасы

0 0 1 0 0 Р и м
Телеграф:(39) 0657056764
Телекс: 625852 ФАО I
Факс: (39) 0657055634

V БАП
Қорытынды ережелер

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіргенде немесе қолданғанда даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар жолымен шешеді.

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Келісімнің қолданылу мерзімі 2005 жылғы 28 ақпанға дейін.

2004 жылғы "__" _____ Астана қаласында әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін:

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы үшін:

Ауыл шаруашылығы саясатын талдау мен сауда мәселелері саласындағы әлеуетті арттыруға бағытталған техникалық көмек туралы келісімнің Қосымшасы

I. Алғышарттар мен негіздемелер

1.1 Алғы шарттар:

Бұрынғы Кеңес Одағы экономикасына толығымен қосылған Қазақстан экономикасының даму қарқынының төмендеуі 1991 жылы біртұтас мемлекеттің ыдырауының табиғи салдары болып табылады. Ауыл шаруашылығы өндірісі көрсеткіштерінің айтарлықтай төмендеуі 1991-1998 жылдар аралығындағы кезеңге тән. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өндірісі 1991 және 1995 жылдары тиісінше 10 %-ға және 12 %-ға төмендеді. Мемлекеттің қарқынды экономикалық құлдырауды жеңуге бағытталған негізгі міндеті жалпы ел экономикасын қайта құрылымдаудың қажеттігіне келіп тіреледі.

1990 жылдарда Қазақстан Республикасының Үкіметі экономикалық саясатты реформалауға кірісті, оның негізгі міндеті нарықтық экономикаға көшуде және макроэкономикалық стратегияны түбегейлі өзгертуде. ТМД-ның басқа елдерінің алдында Қазақстан макроэкономикалық тұрақтылықты орнатуда, жекешелендіру саласында реформалар жүргізуде және ауыл шаруашылығы секторын нарықтық экономика жағдайларына көшіруде айтарлықтай прогреске қол жеткізді. Дамуға бағытталған бағдарлама 1998 жылдан кейін өз жемісін бере бастады. 2001 жылы ЖІӨ 1999 жылмен салыстырғанда 6,3 %-ға жетсе, ал ауыл шаруашылығы өнімінің тиісті көрсеткіші 13,9 % құрады. Өсімдік шаруашылығы өнімі 2000 жылы және әсіресе 2001 жылы рекордтық көрсеткіштерге жетті.

Орталық Азия өңірі елдерінің тізімінде Қазақстан ауыл шаруашылығы секторында экономикалық реформаларды жүргізу саласында жетекші орындардың бірін иеленеді. Қазақстанның ауыл шаруашылығында жүйелі реформалар іске асырылып, оның нәтижесі мүлікті жекешелендіру, жер қатынастары жүйесін өзгерту, бағаны ырықтандыру, ауыл шаруашылығы өнімдерінің еркін нарығын қалыптастыру болды. Бірақ, фермер қожалықтарының әлі де жеткілікті жеке меншік шаруашылықты жүргізуге тәжірибесі жоқ. Өндіріс факторлары мен түпкілікті өнім нарығында жеке меншік сатушылардың пайда болуы айтарлықтай прогресс болып табылады, әйтсе де нарықтық құрылымдар бәсекеге қабілеттікке жетуге әлі де алыс.

Ауыл шаруашылығы Қазақстанның негізгі экономикалық көрсеткіштерінің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады: оның тұтас ЖІӨ-дегі үлесі 8,6 % құрап, республика тұрғындарының 17 % жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отыр. Ауыл шаруашылығы өнімдері экспортынан түскен кіріс республикадағы экспорттық операциясынан түсетін жалпы пайданың 13 % құрайды. Қазақстан халқының 43 % ауылды жерлерде тұрады, олардың айтарлықтай бөлігі тұрмыс деңгейі төмендерге жатқызылады.

Ұзақ мерзімді кезеңде мемлекеттің аграрлық саясаты өндірістің тиімділігін арттыруға, жоғарғы жетістіктерге, ысыраптарды азайтуға және рентабельділігін өсіруге алып келуге тиіс.

Үкімет өтпелі кезеңнің экономикасының дамуын тежейтін факторларын жеңілдетуге күш салады. Салауатты және өмірге бейім макроэкономикалық жүйе құру және ауыл шаруашылығы секторын дамытудың бағдарламасын енгізу жөніндегі іс-қимылдар жасалды. Дегенмен де ауыл шаруашылығындағы реформаларды қабылдау процестері секторды реформалау прогресін тежейтін елеулі проблемалар мен факторларға тап болуда, олар былай деп анықталуы мүмкін: а) қолданыстағы институционалдық құрылымның нарықтың экономиканың қызмет ету шарттарына сәйкессіздігі; б) ауыл шаруашылығы саясатын және сектордың стратегиясын жасау кезіндегі техникалық қолдау көрсетуді қысқа және орта мерзімдегі талдау саласындағы білікті мамандардың тапшылығы; в) ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді

несиелеу жүйесі мен осы саладағы сәйкес бағдарламалардың жетіспеушілігі; г) жеткіліксіз қаржыландыру, маркетинг жүйесінің тиімсіздігі, қызмет көрсету сапасының төмендігі және нарық туралы ақпараттың жеткіліксіздігі; д) ауыл шаруашылығына инвестиция тарту мен ипотекалық несиелеуді дамытуға тежеу боп тұрған жерге жеке меншіктің болмауы; ж) орнықты жер қатынастарының жоқтығы, бұл орта және ірі фермерлік коммерциялық шаруашылықтардың дамуына кедергі боп тұр; з) ауыл шаруашылығы жерін пайдалану құқығы саласындағы заңнамалық құрылымның ашық болмауы; и) қарқынды экономикалық өсімді шектейтін өсімдік және мал шаруашылықтары секторларының төмен рентабелділігі, мемлекеттік инвестициялаудың жетіспеушілігі, инвестициялардың тиімсіз бөлінуі және жеке меншік сектордың белсенділігінің жеткіліксіздігі.

Ұсынып отырған ТЫБ (Техникалық Ынтымақтастық бағдарламасы) жобасының мақсаты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі және басқа аграрлық салада қызмет істейтін мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлерінің біліктілік дәрежесін көтеру және саясатты тұжырымдау мен талдау саласындағы мәселелерге салыстырмалы басымдылық пен бәсекеге қабілеттілік мәселелеріне ерекше көңіл аудара отырып қолдау көрсету болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Үкіметіне сектордың дамуын, сондай-ақ өндіріс тиімділігінің өсуі мен әлемдік экономикаға қосылуды тежейтін факторларды жеңуге бағытталған ауыл шаруашылығының кешенді стратегиясын әзірлеуде қолдау көрсетілетін болады.

Экономикалық жоспарлау жөніндегі оқыту бағдарламаларының жетіспеушілігінен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі қызметкерлері еркін нарықтық қатынастар экономикасы жағдайындағы стратегиялық бағдарламаларды жасау үшін қажетті экономикалық талдау құралдарына, әсіресе сандық талдау мен салыстырмалы артықшылық әдістемелеріне зәру. Оның үстіне, қызметкерлердің көпшілігі жергілікті оқу орындарын бітірген, оларда бұл әдістемелерді оқыту көзделмеген және осылайша олардың бұл саладағы білімдері шектеулі. Өтпелі кезеңнің экономикасы саяси бағдарламалар мен стратегиялар жасау саласындағы білікті мамандарға зәру. Сонымен қатар, мамандарды жаңа экономикалық ортаға бейімделудің тиісті құралдарын пайдалануға оқыту қажет.

Бұл бастаманы донор ұйымдар қолдауда. TACIS, Дүниежүзілік Банк, Азия Даму Банкі және басқа да донорлар стратегиялар мен саяси бағдарламаларды жасау саласындағы білімдерін ұлғайту мақсатында және донорлармен өзара іс-қимылды нығайту мен бірін-бірі жақсы түсіну үшін республика мамандарының біліктілігін көтерудің қажеттігі туралы пікірлерді бөліседі. Сонымен қатар донорлар Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі қызметкерлері осы саладағы белсенді қолдауды қажет етеді деген жалпы пікірді ұстанады, өйткені Қазақстан Республикасының Үкіметі бұл мәселелерді шешуге де үлкен мән береді. Ұсынылып

отырған ФАО жобасы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жергілікті өнім өндірісі мен экспорттық тауарлар тиімділігінің өсуі, сондай-ақ өсім қарқынын күшейту бағдарламалары мен стратегияларын жасауға жәрдемдесетін болады.

1.2. Негіздеме

ФАО-ның жүйелі бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне салыстырмалы артықшылықтар мен бәсекеге қабілеттілікті анықтау жөніндегі зерттеулер нәтижелерін негізге ала отырып талдау жүргізуге және стратегиялар қабылдау жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік беретін техникалық көмек беріледі.

Таяу Шығыс елдері бойынша аймақтық офис (RNEP) 9 негізгі ауыл шаруашылығы дақылдары үшін "Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өндірісін экономикалық ынталандыру және салыстырмалы артықшылықтары" зерттеу жұмыстарын аяқтады. Жобаның бюджеті шектеулі болуына байланысты жұмыс тек қана санаулы фермерлік шаруашылықтарды зерттеумен шектелді. 2002 жылғы қазанда соңғы семинардағы берілген зерттеудің нәтижелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі, Әлемдік Банктің және басқа донорлық ұйымдардың өкілдері мақұлдады. Қазақстан Республикасының Үкіметі ФАО-ға Техникалық Ынтымақтастық Бағдарламасы (ТЫБ) шеңберінде Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметкерлерінің әлеуетін көтеру саласында көмек беруді және оқыту бағдарламасы шеңберінде өсімдік және мал шаруашылықтары өнімін жөніндегі фермерлік шаруашылықтардың көп жиынтығын зерттей отырып аграрлық саясатты талдауды кең ауқымды зерттеу жүргізуді сұрады. Жоба сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруда және ауыл шаруашылығы секторын тұрақты дамытудың кең ауқымды ұлттық стратегиясы құрылымдарын әзірлеуде пайдалы болмақ. Қазіргі уақытта TACIS жобасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне арналған стратегия жасауға жәрдемдесу жөніндегі жұмыс жүргізілуде, бірақ бұл жобаның мақсаты министрлік қызметкерлерінің әлеуетін арттыруға бағытталмаған. Жобаның бастаушылары ФАО ұсынған бағдарламасы бойынша ынтымақтасуға қызығушылық танытты. Әлемдік Банк те саясат пен стратегияны талдау және жасау мәселелеріндегі біліктілікті көтеру саласындағы ынтымақтастыққа мүдделі екендігін білдірді. ТЫБ жобасы шеңберінде 2002 жылдың басында ФАО бастама көтерген кең ауқымды зерттеулер жүргізу және мемлекеттің қолдауын қажет ететін фермерлік қызметтің негізгі түрлерін анықтау және зерттелінетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін анықтау жөніндегі жұмыстар жоспарлануда. Сонымен қатар саясатты талдау моделі әзірленетін, сондай-ақ таяудағы 5 жылға арналған ауыл шаруашылығы секторын дамытуға арналған негіздері анықталатын болады.

Ұсынылып отырған техникалық көмек (оқыту бағдарламасы) екі компоненттен тұрады: 1) саясат пен стратегияны талдау және жасау әдістерін үйрету; 2) стратегиялық

маңызды салалардағы ауыл шаруашылығы саясатына зерттеулер жүргізу. Сонымен қатар, негізгі назар су ресурстарын тиімді пайдалануға, жеке бастамаларды дамытуға және ерікті ауыл шаруашылық ассоциацияларын құруға бөлінетін болады.

Оқыту компоненті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің қажеттіліктеріне сәйкес тренингтік бағдарламаларды жасауды көздейді. Бағдарлама қызметкерлердің біліктілік саласы мен білімін назарға ала отырып олардың әртүрлі деңгейіне арналған; сонымен қатар, тыңдаушылары алған білімдерін кейіннен министрліктің облыстық басқармаларындағы әріптестеріне жеткізуге тиіс негізгі топты оқытуға ерекше көңіл бөлінетін болады. Осылайша, жобаның шеңберінде қызметкерлердің зерттеулер жүргізу, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі деңгейінде бағдарламалар мен стратегиялар жасау және жүзеге асыру мәселелері бойынша консультациялар беру саласындағы біліктіліктері көтерілетін болады.

Бұл бағдарлама осы саладағы ең алғашқыларының бірі болып табылады және донорлардың және/немесе аймақтық және халықаралық ұйымдардың институционалдық оқытуы, сондай-ақ ауыл шаруашылық секторын дамыту жөніндегі бағдарламасына бастау бола алады. Дүниежүзілік Банк осы жұмысты жүргізуде ФАО-мен ынтымақтастыққа мүдделілік танытып отыр. БҰҰ Даму Бағдарламасы басшылығымен, TACIS бағдарламасымен, Еуропалық Комиссиямен, Дүниежүзілік Банкпен және Азия Даму Банкімен болған кездесулер тараптардың Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне қолдау көрсетуге мүдделіктерін дәлелдейді.

1.3 Бенефициарлар

Жоба шеңберінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің және аграрлық сектордағы басқа да мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлерін оқыту жоспарланады.

II. Көрсетілген техникалық көмектің мақсаты

Жобаның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің және аграрлық сектордағы басқа да мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлерінің ауыл шаруашылық бағдарламаларын, тұрақты ауыл шаруашылық даму жөніндегі стратегиялар мен жобаларды жасау, талдау және бағалау, өзгермелі экономикалық шарттар жағдайында жемісті қызмет ету үшін мүмкіндіктер жасау саласындағы біліктіліктерін арттыруда.

Нақты міндеттерді былай анықтауға болады:

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл шаруашылық бағдарламалары мен стратегияларын жасау, талдау, жүзеге асыру және бағалау саласындағы жоғары білікті базасын құру.

- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне қызметінің шешуші салаларын зерттеулерді әзірлеуде және аграрлық секторды дамыту стратегияларын бағалауда жәрдемдесу.

III. Жобаның нәтижелері

- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің және аграрлық сектордағы басқа да мемлекеттік ұйымдардың ауыл шаруашылық саясат пен жоспарлау мәселелерімен шұғылданатын 24 қызметкеріне ауыл шаруашылығы секторының бағдарламалары мен стратегияларын әзірлеу, жасау, тұжырымдау, талдау және жүзеге асыру әдістерін үйрету.
- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің 3 қызметкерін шет елге стажировкаға жіберу, стратегиялық бағдарламалар жасаудың мәселелері мен сауданың және/немесе ауыл аумақтарын дамытудың сан қырлы мәселелерін тереңдеп зерделеу.
- Мына мәселелер бойынша 2 стратегиялар зерттеуін жасау: стратегиялық маңызды дақылдар мен мал шаруашылығы секторы өнімінің салыстырмалы артықшылығы мен бәсекеге қабілеттілігі негізінде азық-түлік қауіпсіздігі мен ауылдық аумақтарды дамытудың ұлттық стратегиясы шеңберіндегі қызметке, іс-шараларға және инвестициялық жоспарларға ерекше көңіл бөле отырып, ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту және азық-түлік қауіпсіздігі.

IV. Жұмыс жоспары

Жобаның жұмыс жоспары мыналарды: қызметкерлердің ауыл шаруашылық бағдарламаларын, стратегияларын және тұрақты ауыл шаруашылық даму жөніндегі жобаларды жасау, талдау және бағалау саласындағы біліктілігін көтеру жөніндегі түсіндірме семинарлар өткізуді; оқыту материалдарын дайындауды; кіріспе оқу курстарын, сауда және ДСҰ мәселелері бойынша оқу курсын; табиғи ресурстарды басқару мен ауыл аумақтарын дамыту саясаты бойынша оқу курстарын; ұлттық стратегияларды шолу мен жаңартуға арналған 2 халықаралық зерттеудің ілгерілеген оқу курсын; шетелдердегі стажировкаларды және бір күндік финалдық семинар өткізуді көздейді.

Консультанттар мен оқытушылар сектордың туындап отырған проблемаларын қарастыратын 2 зерттеу жұмысын дайындайды, сонымен қатар, олар курстың тыңдаушылары орындайтын секторды бағалау жөніндегі зерттеулердің әзірленуін қадағалайтын болады. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің

әлуетін арттыру процесі ФАО-ның техникалық қолдауымен және донорлық инвестициялар есебінен қаржыландырылатын кезекті жобалар шеңберінде жалғасатын б о л а д ы .

Жоба бойынша қызметтің негізгі принциптері мен бағыттары құжаттың келесі ішкі бөлімінде көрсетілген.

4.1. Оқыту бағдарламасы

О қ ы т у

Оқытудың негізгі мақсаты қатысушыларға ауыл шаруашылығы саясаты саласындағы жұмысқа қажетті тұжырымдамалық негіздерін таныстыру және практикалық дағдыларды меңгерту болып табылады. Тыңдаушылар ауыл шаруашылығы саясатының базалық тұжырымдамаларымен, тұжырымдауларымен және тәсілдерімен, сондай-ақ нарықтық тетіктерді қалыптастыру процестерінің негізгі ұғымдарымен танысады. Сонымен қатар олар мәліметтерді компьютерлік өңдеу мен статистикалық талдаудың жаңа әдістерімен танысады. Тыңдаушылардың жұмыс бағдары мен тәжірибесін назарға ала отырып, курстық сабақтар барысында зерделеу материалдарының сан алуан күрделілік деңгейі көзделетін әр түрлі әдістемелер қолданылады. Оқу әдіснамасы ересектерді оқыту принциптерімен сәйкестендіріледі және теориялық пен практикалық сабақтарды біріктіру қажеттігін, сондай-ақ тыңдаушылардың белсене қатысуын назарда ұстайды. Лекцияларға толықтырулар ретінде проблемалық-бағдарлық міндеттерді шешу жөніндегі сабақтар, семинарлар және топтық талқылаулар ұйымдастырылатын болады. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің іріктеліп алынған қызметкерлері ұлттық және халықаралық оқытушылармен (консультанттармен) тығыз ынтымақтастықта болады және әлуетті арттыру жөніндегі жобаны іске асыруда тәжірибе алады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұсынысына сәйкес, тыңдаушылардың қатысуына кепілдік беру және олардың жұмысындағы кемшіліктерден сақтану мақсатында қатысушылар әрқайсысы 12 адамнан екі топқа бөлінеді. Жоба бойынша жұмысқа арналған офис және қызметкерлерді оқытатын жер Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғ и м а р а т ы н д а .

Ағылшын және орыс тіліндегі материалдар жиынтығы қоса кіретін арнайы оқу бағдарламасы оқу бағдарламасы даярланатын болады. Курс Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінен, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінен және басқа аграрлық сектордағы мемлекеттік ұйымдардан 24 маманды оқытуды көздейді. Жекелеген қатысушылар министрліктерде және облыстық деңгейде саясатты талдауды оқыту жөніндегі болашақта жұмысқа тартылатын болады.

Жоба шеңберінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің үш қызметкерінің шетелдерде мына салалардағы 2 апталық стажировкасы

жоспарлануда:

1) ауыл шаруашылығы саясатын жоспарлау және стратегиялық шешімдер қабылдау;

2) көп тарапты сауда және ДСҰ мәселелері;

3) ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері бойынша.

Бұл қызметкерлер оқытылған негізгі топтың құрамынан іріктеледі және мынадай жұмысқа тартылатын болады:

- ауыл шаруашылық секторын тұрақты дамыту стратегиясын әзірлеу;
- ДСҰ, Дүниежүзілік банк, ФАО, ИФАД, ТАСИС және т.с.с. халықаралық ұйымдармен қауымдасқан Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы департаменттеріне техникалық қолдау көрсету;
- мемлекеттік стратегияларды әзірлеушілерді қолдау үшін техникалық зерттеулерді даярлау;
- ауылдық аумақтарды дамыту стратегиясын анықтау;
- ДСҰ-ға кіру процесін қолдау;
- осы ТЫБ жобасы шеңберінде секторды бағалау;
- ауыл шаруашылығы ішкі секторларының өнімділігін бағалау, дамуды және тиімділігі мен рентабельділігін арттыру мүмкіндіктерін тежейтін факторларды анықтау жөніндегі зерттеу жұмыстарын әзірлеу.

Оқытушылар

Оқытушылар командасы ФАО қызметкерлерінен, сондай-ақ халықаралық және ұлттық консультанттардан тұратын болады. Сонымен қатар, жекелеген пәндерді оқыту үшін университеттерден, ғылыми-зерттеу институттарынан, министрліктерден және мемлекеттік агенттіктерден оқытушылар тартылады. Жоба шеңберінде ТМД елдерінің ресурстары да пайдаланылатын болады. Консультанттар оқып жүргендердің танаптық зерттеулердің орындауын және ауыл шаруашылығы секторына баға беруін қадағалайды.

Тыңдаушылар

Оқыту бағдарламасы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің және аграрлық сектордағы басқа да мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлеріне шақталған.

Тыңдаушыларды іріктеу 30-40 жас аралығындағылар, жоба тақырыбына қызығушылығы, коммуникативтік қабілеті және т.б. сияқты алдын ала анықталған критерийлерге сәйкес жүргізіледі. Экономика және саясатты талдау саласындағы білімдерді меңгерген тыңдаушыларға да артықшылықтар беріледі.

Оқу әдістемесі

Оқу әдіснамасы лекциялар, топтық жұмыстар жүргізуді, жаттығуларды топтарда және жеке орындауды, зерттеулерді талқылауды және пікірталастар өткізуді көздейді.

Лекцияларға бөлінетін уақыт сабақтың жалпы уақытының 50%-нан аспайды. Қалған уақыт талдау аспаптарын/әдістемелерді практикалық қолдануға және қатысушылар мен оқытушылар арасында пікірсайыстарға арналған.

Саясатты зерттеу

Жергілікті және халықаралық консультанттар (оқытушылар) жүргізген зерттеулер негізінде, жоба барысында саясатты зерттеу бойынша берілетін 2 есеп жасалатын болады: 1) азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ұлттық стратегия шеңберіндегі қызметке, іс-шаралар мен инвестициялық жоспарларға ерекше назар аудара отырып, ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту және азық-түлік қауіпсіздігі бағдарламалары, 2) стратегиялық маңызы дақылдар мен мал шаруашылығы секторы өнімдерінің салыстырмалы артықшылықтары мен бәсекеге қабілеттілігі.

Бұл зерттеулерді даярлау азық-түлікке, өндіріске, маркетингке және саудаға (жергілікті және халықаралық рыноктардағы) сұранысты, тауар жүйесін (ССА), табиғи ресурстарды басқарудың нарықтық жағдайлары мен стратегиялық аспектілерін талдауды көздейді. Жергілікті консультанттар жинаған зерттеулер мен деректердің, сондай-ақ ФАО басшылығымен орындалған жұмыстардың нәтижелері негізінде халықаралық консультанттар ауыл шаруашылығы секторының болашаққа арналған ұлттық стратегиясын әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін стратегия бойынша негізгі есептерді дайындайтын болады. Стратегиялық есептердің түпкілікті тақырыбы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесе анықталатын болады.

Ауыл шаруашылығы саясатын нұсқаларын бағалауға толықтыру ретінде бұл зерттеулер бүкіл оқыту бағдарламасының барысында практикалық жаттығулар ретінде пайдаланылатын болады, осылайша, тыңдаушылар да есепте дайындауға, шолуға және түпкілікті пысықтауға қатысады.

Түсіндірме Семинарлар

Жобаның бастапқы сатысында бір күндік және аяқталуында екі күндік семинар ұйымдастыру жоспарлануда, ондағы мақсат ауыл шаруашылығы саясатының, аграрлық секторды стратегиялық жоспарлау процесін жетілдіру үшін ауылдық аумақтардың табиғи ресурстарын басқарудың және дамытудың маңыздылығын түсіндіру болып табылады.

Бұл семинарлардың барысында жобаның мақсаттарын, міндеттерін және нәтижелерін ұсыну және талқылау жоспарлануда.

V. ФАО ресурстары

а) Қызметкерлер

Халықаралық оқытушылар - консультанттар

- Сауда саясаты жөніндегі мамандар (TPE) 4 апта, ДСҰ мәселелері бойынша халықаралық жобалардағы жұмыс тәжірибелері.

ТСДС/ТССТ - Серіктестік Бағдарламасының сарапшылары:

- ТСДС/ТССТ Ауыл шаруашылығы саясатының экономисі - Команда жетекшісі, ТСДС (12 апта), өндіріс, маркетинг және сауда мәселелері жөніндегі халықаралық жобалардағы жұмыс тәжірибесі.
- ТСДС/ТССТ Ауыл шаруашылығының экономисі - ТСДС (6 апта), оқыту материалдарын әзірлеу, оқыту бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру тәжірибесі.
- ТСДС/ТССТ Ауыл шаруашылығы саясаты экономикасының оқытушысы (6 апта), оқыту материалдарын дайындау, оқыту бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру тәжірибесі.

ФАО техникалық қадағалауы

- RNEP техникалық қызметкері: 3 апта, жұмыс жоспарын даярлаудың 3 миссиясы, жоба бойынша жұмыстың жылжуына шолу, финалдық семинарды даярлау/атсалысу

ФАО консультациялық жұмысы

- RNEP офисі ауыл шаруашылығы саясатының экономисі/Техникалық үйлестіруші (6 апта) - Әлеуетті арттыру жобасы жөніндегі маман.
- RNEP офисінің ТМД елдері бойынша макроэкономика және ауыл шаруашылығы саясаты мәселелері жөніндегі қызметкері; зерттеулер өткізу әдістемесін әзірлеу жөніндегі маман (2 апта)
- TCAS/ESA ауыл шаруашылығы саудасы мәселелері бойынша қызметкері (2 апта)

Оқытушылар (консультанттар) - экономикалық саясат саласындағы ұлттық мамандар.

- Экономикалық саясаттың оқытушы-талдампазы/Ұлттық команданың жетекшісі (12 ай)
- Ауыл шаруашылығы саясаты саласындағы оқытушы-сарапшы/Ассистент (8 ай)
- Ауылдық аумақтарды дамыту бойынша ауыл шаруашылығы саясатының оқытушы-экономисі (6 ай)
- Сыртқы сауда бойынша оқытушы-маман (экономист) (6 ай)
- Маркетинг және сауда саласындағы оқытушы-маман (6 ай)

(Штаттан тыс) уақытша лауазым (5000 АҚШ долл. дейін)

- Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынатын аудармашылар қызметіне қосымша ретіндегі аудармашылар қызметі, ұлттық оқытушы

(консультант-ассистент) көрсететін қолдауға, сондай-ақ жобаны іске асыру барысына әкімшілік қолдау көрсету үшін.

б) Ресми сапарлар (17500 АҚШ долл. дейін).

Жоба қызметкерлерінің Қазақстан бойынша іссапарларының, ішінара алғанда ұлттық консультанттардың зерттеу жүргізу және жоба бойынша есеп беру құжаттамаларын дайындау үшін объектілерге бару сапарларына арналған шығындарын жабу үшін.

в) Келісім-шарттар (20 000 АҚШ долл. дейін).

6 оқыту курстарын, 2 семинар, жоба бойынша 3 есеп беру, 4 зерттеулер жүргізу және финалдық семинар үшін дидактикалық материалдарды аудару және көбейту. Жергілікті және аймақтық (ТМД) ұйымдармен/институттармен келісім-шарттар.

г) Жалпы пайдалану шығыстары (ЖПШ) (10 000 АҚШ долл.дейін)

Жоба шеңбердегі әр түрлі шығыстарды, оның ішінде телефон келіссөздерін, офиске арналған кеңселік тауарларды, факсимильдік байланысты, ксерокөшірмелерді, бензинді және т.б. жабу үшін.

д) Жабдықтар (10 000 АҚШ долл. дейін)

Оқыту оқу бағдарламасын жүргізу үшін қажетті жабдықтар 4 дербес компьютер, 2 портативтік компьютер және 2000 АҚШ долл. сомасындағы қажет бағдарламамен қамтамасыз етуді/компьютерлер мен БҚ сатып алуды көздейді; 2 принтер - әрқайсысы 500 АҚШ долл. Оқуды жүргізу үшін кемінде 8 компьютер қажет болатындықтан, оқыту бағдарламаларын жүргізуге қосымша 4 ДК-ді уақытша пайдалануға беруді Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі өз мойнына алып отыр.

ж) Техникалық қамтамасыз ету және материалдар (5000 АҚШ долл.дейін).

Техникалық қамтамасыз ету және оқытуға арналған материалдар, есептерді, мәтіндерді, ДК-ге арналған дискеттерді дайындау, есептер мен құжаттарды дайындау үшін қажет арнаулы бағдарламамен қамтамасыз етуді сатып алу.

з) Тікелей пайдалану шығыстары (ТПШ)

ФАО бас офисіндегі жобаны іске асыру бойынша әртүрлі шығындарды жабу (жоба бойынша жалпы шығыстардың 7%-ы).

и) Оқыту (24 000 АҚШ долл.дейін)

Қазақстанда оқыту (12 000 АҚШ долл. дейін)

- Жобаның бастапқы сатысындағы бір күндік семинар (30 шақты қатысушылар), оның мақсаты мемлекеттік стратегияны әзірлеушілерге саясатты жасау, талдау және жүзеге асыру саласындағы әлеуетті арттырудың маңыздылығын түсіндіру, бағдарламаның мазмұнымен таныстыру. Шамаланған құны (үй-жайды жалға алу және басқа қалалардан келген қатысушылардың жол ақысы): 3500 АҚШ долл.
- Жобаның қорытынды сатысындағы екі күндік семинар (30 шақты

қатысушылар) оқыту бағдарламасының, жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін және олардың болашақ жұмыстар үшін маңыздылықтарын талқылауды, аграрлық секторды дамыту стратегиясының нұсқаларын талқылауды, Үкіметпен және донорлармен келесі қадамның қажеттілігін талқылауды көздейді. Шамаланған құны: (үй-жайды жалға алу және басқа қалалардан келген қатысушылардың жол ақысы): 4500 АҚШ долл.

- 12 қатысушыдан тұратын әрбір топ үшін зерттеулер жүргізу орындарына сапар шеге отырып 2-3 күндік оқыту. Шамаланған құны: (қатысушылардың жол ақысы, тамағы және орналасқан жері): әр сапарға 4500 АҚШ долл.
- Астана қаласында оқыту жоба бойынша қосымша шығындарды қажет етпейді.

Шет елдерде стажировкадан өту (12000 АҚШ долл. дейін)

- Бағдарламаның 24 қатысушыларынан 3 кандидат таңдалады, олар әрі қарай стажировкадан шет елдерде өтетін болады, біреуі - аграрлық саясатты жоспарлау мәселесі бойынша, екіншісі - көп жақты сауда және ДСҰ мәселелері саласында және үшіншісі - ауылдық аумақтарды дамытуы мәселесі бойынша. Қатысушылар жеделдетіп оқытудың 2 апталық курсын халықаралық университеттерде (Египет, Жапония немесе Батыс-Еуропа елдерінде) тыңдайды. Жалпы құны 12000 АҚШ долл. құрайды және қатысушылардың жол ақысы (2000 АҚШ долл. х 3) және тамақ пен тұратын жеріне бір жолғы төленетін соманы (2000 АҚШ долл. х 3) көздейді.

VI. Жоба бойынша есептілік

Әрбір консультант - оқытушы (ұлттық және халықаралық) нәтижелерді, тұжырымдарды және ұсыныстарды толық сипаттамай отырып өзінің тапсырмасының аяқталғаны жөнінде техникалық есеп дайындауға тиіс. Халықаралық топтың жетекшісі ФАО қызметкерлерімен бірге жоба бойынша қызметті бағалайтын есеп жасайды. Сонымен қатар, RNEP офисі ФАО/ТЫБ рәсімдеріне сәйкес Түпкілікті Есепті үкіметтің қарауына береді.

VII. Қазақстан Тарапының салымы мен қолдауы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АӨК мен ауыл аумақтарының дамуын талдау және мемлекеттік реттеу департаменті жобаны іске асыруға жауапты болып табылады. Курстың тыңдаушылары Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің осы және басқа департаменттері, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен аграрлық сектордағы басқа мемлекеттік ұйымдар қызметкерлерінің

қатарынан таңдап алынады.

Қазақстан тарапының салымы төмендегідей (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қолданылып жүрген тиісті жылға арналған бюджеттік қаржыландыруы шеңберінде):

- Жоба бойынша сатып алынғандарына толықтыру ретінде (кемінде 4 компьютер және жұмыс столдары) қосымша жабдықтар, жиһаздар мен басқа да офистік жабдықтар беру.
- Жоба бойынша жұмыстарды анықтау және қатысуға рұқсат беру.
- Тренингтер өткізу үшін жабдықтар мен үй-жай беру.
- Жоба бойынша жұмыс істеуге хатшы/клерк қызметтерін ұсыну.
- Қазақстан Республикасы заңнамасы шеңберінде жобаны жүзеге асыру үшін қажет ақпараттарға қолжетімдікті қамтамасыз ету.
- Ұлттық және халықаралық консультанттарға арналған офистер үшін үй-жай беру.
- Қажет болған жағдайда жобада көзделген уақытша қызмет көрсетуге қосымша ретінде аудармашылар қызметін ұсыну.

ФАО салымын көздейтін жоба бюджеті

(АҚШ долл.)

Ел: **Қазақстан Республикасы**

Жобаның атауы: **Ауыл шаруашылығы саясатын талдау мен сауда мәселелері саласындағы әлеуетті арттыру**

Жоба номері: **TCP/**

Компонент	Компоненттің сипаттамасы	Sub.Comps.	Main Comps.
5013	**Консультанттар**		**59100**
5542	Халықаралық - консультанттар		7500
5543	Жергілікті - консультанттар		30600
5544	TCDC/TCCT - консультанттар		21000
5544	Retiree - консультанттар		
	Келісім-шарттар		**20000**
	Бюджет		20000
5020	**Мерзімнен тыс қызмет**		**5000**
5652	Тұрақты емес жұмыс - штаттан тыс лауазым		5000
5021	**Жол сапарлары**		**96490**
5661	Іс-сапарлар, басқалар		17500

5684	Халықаралық - консультанттар	6500
5685	Retiree - консультанттар	0
5686	TCDC/TCCT консультанттар	37000
5694	Оқуға сапар	12000
5692	Travel ATS (сапар)	14,424
5693	Travel STS (сапар)	9,066
2530	**Оқыту**	**12,000**
5920	Бюджет	12,000
5024	**Expandible Euipment (құрал жабдықтар)**	**10,000**
6000	Expandible Euipment_Budget (құрал жабдықтар бюджеті)	10,000
5025	**Non-Expandible Euipment (құрал жабдықтар)**	**5,000**
6100	Non-Expandible Euipment_Budget (құрал жабдықтар бюджеті)	5,000
5027	**Техникалық қолдау**	**50284**
6111	Есеп беру шығындары	
6116	Бағалау	1000
6120	ATS қаламақысы	28952
6122	Техникалық қолдауды стандартты бақылау	17,700
6123	LTU бақылау міндеттері	2,632
5028	**Жалпы пайдалану шығыстары**	**10000**
6300	Жалпы пайдалану шығыстары бюджеті	10000
5029	**Техникалық ұсталымдар**	**18751.18**
	Аралық сома	**267874**
6118	Тікелей пайдалану шығыстары	18751.18
	Жалпы сома	**286625.2**

1 кесте: Ұсынылатын Жұмыс жоспары

айлар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Түсіндірме семинар														x
Орыс тіліндегі оқыту														

материалдарын дайындау х х х х х х
Ауылшаруашылығы саясатына кіріспе бойынша оқыту курсы х х
Сауда және ДСҰ мәселелері бойынша оқыту курсы х х
Табиғи ресурстарды басқару саясаты мен ауыл аумақтарын дамыту стратегиясы бойынша оқыту курсы х х
Саясатты талдау, сауда және азық-түлік қауіпсіздігі бойынша тереңдетілген курс х х
Ұлттық консультанттардың-оқытушылардың 2 зерттеу дайындауы х х х х х х х х
Ұлттық стратегияны шолуға және жаңартуға арналған зерттеулер х х х х х х х х
Ұлттық стратегияның шолуы, жаңаруы және ең соңғы нұсқасы х х х х
Шет елде оқыту х х х х х х х
Ұлттық семинар - донорлар. дың қатысуымен жүргізілген жұмыстың алдын ала нәтижелерін талқылау х
Ақырғы есеп (TCDC команда жетекшісі) х х х
Техникалық шолу және ФАО ақырғы есебін бекіту х х х
ФАО техникалық көмегі* х х х х х х х х х х х х х х х х х

---

* Жоба бойынша бастама көтеру, қадағалау және қызметін үйлестіру жөніндегі RNEP офисінің техникалық көмегі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК